



7-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

## Термин мәселесі





Кітап: Тарихи антропология

Дәріс: Термин мәселесі

Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

**Мақсаты:** Тарихи антропологияның ғылым саласы ретінде қалыптасуы терминдерге тікелей байланысты, сол себепті бұл дәрісте негізгі мақсат терминдер мен олардың ұғымдарын қалыптастырамыз. Терминдер бұл жерде негізгі инструментарий ретінде қарастырылады.

## Негізгі идеялары:

### 1. «Тарихи антропология» ма әлде «антропологиялық тарих» па?

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Бұл тарауда тарихи антропологияның пайда болу жағдайларын түсіндіру барысында осы бағыттың атауын білдіретін терминнің өзі қолданысқа қай елде қашан енгендігі туралы деректермен қатар кетіріліп отырады. Ғылымдағы мұндай жарлықтардың маңызын елемеге болмайды: онсыз жаңа ғылыми мектептердің құрылуы қиын, олардың маңына, құдды тудың маңына жиналғандай, қайсыбір тәсілдің жақтастары топтасады, және соларға - осы атаулар мен айдарларға, түйінді сөздерге - басқа тәсілдер мен теорияларды жақтаушылар шабуылдайды. Талас көбінесе дәл сол сөздерге қатысты туындайды: бұған дейін болған әлдебір бағыттың атауы оған негізін қалаушы аталары сіңіруге тырысқан мағынадан алшақ, сан алуан түсініктемелерге жол береді. Тарихи антропологияның Ресейде түсіндірілуі бұған көптеген мысалдар береді.

«Тарихи антропология» жинағын дайындауда маған әсіресе Д.У.Сэбианмен және Г.Альгазимен бірге істес болуым ерекше пайдалы болды деп атап көрсетеді М.Кром. Бұл жұмыс оған тарихи антропологияның пәнаралық табиғатын тарих пен антропология атты өзара туыс гуманитарлық екі ғылымның ұштасқан жері мен диалог алаңы (кітаптың редакторлық кіріспесінде дәл осы қыры ұсынылған) тұрғысынан жақсырақ түсінуге көмектесті. Сондықтан біз терминдер туралы әңгімеден қаша алмаймыз. Нақтырақ айтқанда, сөз болып отырған бағытқа ақыр соңында не себепті «тарихи антропология» деген атау бекіді?17 Әңгіме тарихи ғылым ішіндегі ағымдар туралы болғандықтан, логика бойынша, антропологиялық тарих дегендей бірдеңе көбірек сәйкес келер еді. Алайда бүгінгі тарихнаманың классификациялық айдарлары, алда көз жеткізетініміздей, ресми логика заңдары бойынша түзілмейді, мұнда басқа факторлар әрекет етеді.

XX ғасырдың 70 жылдарында Францияда пайда болып жатқан бағыттың атауы ретінде: «этнотарих», «антропологиялық тарих», «тарихи антропология» деген сияқты бірнеше термин қатар қолданылды; егер нәтижесінде осылардың ішіндегі соңғы атау бекіген болса, бұл арада Ж.Ле Гофф және А.Бюрджер іспетті нақты ғалымдардың еңбегі зор.

А.Бюрджер - тарихи демография бойынша ірі маман. Туыстық құрылымдарға, некелік қатынастарға, т.б. - демографқа, сондай-ақ антропологтарға да тән қызығушылық себебінен ол таңдауын тарихи антропология пайдасына шешіп бере алды. Менің білуімше, 1978 жылдан бүгінге дейін, А.Бюрджер, «тарихи антропология» терминін ұдайы қолдана отырып, бұл бағыт туралы төрт бағдарламалық мақала жариялады. Осылайша Франциядағы және оның шегінен тысқары жердегі ғылыми қауымдастық біртіндеп жаңа терминге бой үйретті.

Пайда болған бағыттың тап осылай аталуына Ж.Ле Гофф та өз үлесін қосты. Бұған дейін айтылғандай, 1970 жылдардың басында ол «этнологиялық тарих» ұғымын пайдаланды, бірақ 1977 жылға қарай «тарихи антропология» терминіне біржола тоқтады. «Другое Средневековье» кітабының алғысөзінде Ле Гофф «индустрияланғанға дейінгі батыстың тарихи антропологиясын» тудыруды ауқымды міндет етіп қойды, сөйтіп, этнологиялық тәсілдер көмегімен, ұзаққа созылған Орта ғасырлардың «тереңіне» бойлауды («күнделікті әдеттер, наным-сенімдер, мінез-құлық пен менталитет ерекшеліктері») көздеді. Осылайша, Ле Гофф қолданған «тарихи антропология» терминінің астарында - «медиевист - өткен дәуірлер тереңіне бойлайтын антрополог» деген теңеу жасырынып жатты.

Ұлыбританияда тарих пен антропология туралы көп жазылғанына қарамастан, «тарихи антропология» термині мұнда сіңіскен жоқ. 1970 жылы А.Макфарлейннің XVII ғасырдағы дінбасы отбасы туралы қолжазбасының тақырыбында қолданылған бұл термин көпке дейін жоғалып кетті және 1987 жылы П.Берктің «Историческая антропология Италии начала Нового времени» кітабында қайтадан пайда болды. Бұл жағдайда оған тақырып ретінде алынған терминнің өзінің тағдыры қызықтырады. 2001 жылы «Историческая антропология» атты неміс журналына берген сұқбатында П.Берк 1987 жылғы жұмысы жөнінде айта отырып, «тарихи антропология» терминін алғаш пайдаланған өзі емес болса да, осы аттас, басқа бір де-бір ағылшын кітабы ойына түспейтініне мән аудартады. Берктің айтуынша, ол



Кітап: Тарихи антропология

Дәріс: Термин мәселесі

Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

қазір сол кітапта жазылғандарды «антропологиялық тарих» деп атап, сөздердің орнын ауыстырған болар еді. «Неге?» деген сұраққа британ ғалымы өзінің «антропологиялық бағыттағы тарихпен» айналысып жүргенін, бірақ оқырман ол туралы «ұлы антрополог» деген ойда болмауын қалайтынын айтқан: өйткені, дала жұмыстарымен ол ешқашан жүйелі түрде айналыспаған.

П.Берк сұқбатынан аңғарылып тұрғандай, британдық академиялық қауымдастық жекелеген ғылыми пәндердің арасындағы символикалық шекараны француздарға қарағанда әлдеқайда қаталдау және қызғанышпен қорғайды. Тарихшы тіпті бейнелі тұрғыдан алғанда да антропологқа ұқсай алмайды: бұлар - әртүрлі мамандықтар! Тарихи антропология сияқты пәнаралық гибрид, шамасы, сондықтан да британдық ғылыми дискурста азаматтық құқыққа ие бола алмаса керек.

Есесіне Германияда 1967 жылы Томас Ниппердай қолданысқа енгізгеннен бастап бұл термин тарихнамада берік орынға ие болды. Бұған француздардың «Анналар» мектебінің 70 жылдары қатты байқалған ерекше ықпалы, сондай-ақ неміс философиялық антропологиясының мұрасы себепкер болды. Алайда тарихи антропологияның Германияда жаппай мойындалуының алдамшы жеңіл астарында мүлде әртүрлі зерттеу бағдарламаларын бір терминнің астына біріктіру қаупі жатты. Тарихи антропология түсінігіндегі бұл плюрализм неміс тарихнамасында ХХ ғасырдың 80-90 жылдарында-ақ көрінді.

Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

### Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитоновна. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители ХХв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodology. Chicaqo, 1965.